

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ  
ӘКІМДІГІ  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ  
ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ТҰРҒЫН  
ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ  
ШАРУАШЫЛЫҚ БАСҚАРМАСЫ



АКИМАТ  
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ  
УПРАВЛЕНИЕ ЭНЕРГЕТИКИ И  
ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО  
ХОЗЯЙСТВА  
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

23.12.2024 ж.  
Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

№ 111-ШК  
город Актау

**«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
Жарғысын жаңа редакцияда бекіту туралы  
2024 жылғы 12 қарашадағы №91-н/қ  
бұйрыққа өзгеріс енгізу туралы**

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының екінші бөлігінің 1) тармақшасына және «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес және «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталын ұлғайтуға келісім беру туралы «Маңғыстау облысының қаржы басқармасы» ММ-нің 19.12.2024 жылғы №11-11/4427 хатына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы №91-н/қ бұйрығымен бекітілген «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі-Серіктестік) Жарғысына осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Серіктестік заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының мүдделерін білдіретін Уәкілетті органның шешімі болып табылады және оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы



Б. Қартбаев



«Маңғыстау облысының энергетика және  
тарғын және коммуналдық шаруашылық  
қызметтерін қамтамасыз ету» ЖШС  
бұйрығына қосымша

### **Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғысына өзгерістер**

1. «МАЭК» ЖШС Жарғысының 9.3-тармағына мынадай редакцияда жазыла отырып, өзгерістер енгізілсін:

«9.3. Серіктестіктің жарғылық капиталы 21 141 373 287 (жиырма бір миллиард жүз қырық бір миллион үш жүз жетпіс үш мың екі жүз сексен жеті) теңгені құрайды».